

Оспанова М.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 2 курс магистранты
(*Ғылыми жетекші – з.ғ.к., профессор Ильясова Г.А.*)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамның өзіне пайдалы көптеген әрекеттері табиғаттың өзгеруіне әсеретеді. Сондықтан табиғатты өзгерту барысында адамзаттың кейінгі зардаптарында ескеруі қажет. Қазіргі уақытта табиғат және биологиялық орта тұтас алғанда бүкіл адамзат алдына күрделі талап қойып отыр. Экологиялық проблема дегенде ең алдымен Арал, Каспий, Семей қасіреттері еске түседі. Біздің республикамыздың табиғи байлық қорымыз ол. Осы байлықты заңды, әрі тиімді түрде, аса зор қамқорлықпен пайдалануымыз керек.

Семейдегі полигонның Қазақстан экологиясы үшін әкелген зардабы орны толмас өкініштерге әкеліп отыр. 1949 жылы тамыздың 29 күні таңертен сағат 7-де ең бірінші атомдық жарылыс болған тұғын. Осы өңірде жарылған 500-ге жуық бомба, адамдарды ақырзаман шамасына дейін әкеліп, Жер-Ананы өсінен тайдырып жібере жаздады. Егер жарылыс тоқтамағанда, әр сынақ табиғатқа үлкен зиян әкеліп, ұлы тозандар әлемді ойрандап, Орта Азияның адамдарын ядролық уға тұншықтырып, халықтың түбіне жететін еді [1, б.107-109].

XX ғасырдың 50-жылдарындағы Алтайдың, Орталық және Шығыс Қазақстанның жүздеген мың тұрғыны бұл керемет және қорқынышты көріністі - аспандағы үлкен ядролық саңырауқұлақтарды байқап отырды. Көптеген жылдар бойы ядролық қаруды сынақтан өткізу нәтижесінде атмосфераға көптеген радиоактивті заттар шығарылды. КСРО-дағы жердегі ядролық жарылыстардың барлығы дерлік. Олар ұзақ уақыт бойы полигоннан тыс жерлерге шығатын «радиоактивті іздер» деп аталатын ұзын белдеулер түрінде ұзақ мерзімді радиоактивті ластануды қалыптастырды. Шығарылған радиоактивті заттар қоршаған ортаға қоныс аударып, барлық тірі заттарға зиян келтірді. 30 жер сынағына қосымша, тікұшақтарда және көлденең тоннельдерде 340 астам жерасты сынағы өткізілді. Көптеген жер асты сынақтар атмосфераға радиоактивтіліктің шығуымен бірге жүрді. СІР тестілеуден басқа, «бейбіт мақсаттарға» арналған ядролық жарылыстар да жүргізілді, үш ядролық зерттеу реакторы салынды, ядролық емес түрлі жарылғыш эксперименттер жүргізілді. Мемлекет басшысының Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны 1991 жылғы 29 тамызда ресми түрде жабылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан жалғыз ел. Дегенмен, полигон аумағында да, кейбір жақын аймақта да қатты ластанған аймақтар қалды. Зардап шеккен аумақтардың ауданы 304 000 км² бағаланады. Мұнда 1,7 миллионнан астам адам тұрады. Жергілікті тұрғындар ондаған жылдар бойы денсаулыққа зиян келтірді. Дегенмен, елді мекендердегі қоршаған ортаның ластануынан болған радиацияның әсерінен табиғи фондан аздап асып кетсе де, полигонға жақын жерде тұратын көптеген адамдар үшін жинақталған өмір сүру ұзақтығы дозаны асып түседі.

Қазақстан аумағында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалды. Қазақстан аумағында радиациялық ластану себептеріне мыналар жатады: - Семей ядролық полигонында жасалған жарылыстардың салдары – Радиоактивті материалдарды пайдаланылатын атомдық өнеркәсіпорындары – Ғаламдық жауындар - Халық шаруашылық мәселелерін шешу мақсатында жасалған жерасты ядролық жарылыстар – Табиғи радиоактивтілік – Радиоактивті қалдықтар. Семей ядролық полигоны 1995 жылы Шығыс Қазақстан облысының Орталық бөлігіндегі жүргізілген аэрограмма, спектрографиялық суреттер жер бетіндегі цезий – 137 активтілігі 65 – 100 мкР/сағ. болғанын көрсетті. Кейбір жерлерде 120-500 мкР/сағ. байқалған. Зайсан көлінің Оңтүстік Батыс жағалауында цезий 137 радиациялық фоны 120-150 мкР/сағ. құраған [2].

Бұрын жүргізілген ядролық жарылыстар табиғи сулардың, тек ядролық полигон зонасын - да ғана емес, оған жақын жатқан территорияда қалыптасуынан теріс әсеретеді. Стронций-90 ең көп мөлшері Сарыөзек жылғасымен Мұржықтауының етегінде «Мұржық» және «Дегелең» аймағында байқалған. α және β белсенділіктің жоғарғы деңгейі Семей облысының Қайнарселосында, Абыралы қолхозындағы барлық дерлік құдық суларында анықталған. Сонымен қатар, Семей қаласынан оңтүстікке қарай, Тарбағатай маңында суалмасу белсенді жүретін аймақта – α және β белсенділік салыстырмалы түрде төмен болған [3, б.162].

Келесі маңызды мәселелердің бірі Каспий теңізінің қазіргі жағдайы болып отыр. Каспий теңізі – ғаламшардағы ең тұйық су айдыны. Оның көлемі – 380 мың км². Оны Еуропа және Азияны жалғап тұрған көпір десе болады. Мұнда «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен

жануарлар көптеп кездеседі. Теңіздің құнды байлықтарының бірі – бекіретұқымдас балықтар. Каспий теңізі жылқұстарының да сүйікті мекені. Каспий теңізінің шаруашылық үшін атқаратын маңызы өте зор. Бірақ соған қарамастан, біз өз қолымызбен сол жақтағы экологияны құртып жатырмыз. Солтүстігіне құятын Еділ өзенінде бөгендердің салынуы, мұнай кәсібінің өркендеуі, теңіздің экологиялық жағдайын нашарлатты. Топырақтың ластануы, теңіз жағалауындағы әртүрлі мұнай амбарлары мен кенорындары, сондай-ақтанкер флоттары, Каспий теңізіне оксинді заттар арқылы ластанудың бірден-бір көзі болып табылады. Соңғы жылдары бұлаймақ мұнай мен газды өндірудің маңызды экономикалық ауданына айналды. Теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты бұлаймақ табиғи апат жағдайына ұшырады. Мұнай мен газдың өндірілуіне байланысты қоршаған ортаның өзгеруі, балықтардың қырылуы, уылдырық шашатын көксеркебалықтарының кеміп кетуі, осы теңізге ғана тән итбалықтың мезгіл-мезгіл қырылуы, бұның бәрі экологияға кері әсерінтигізуде.

Қазіргі уақытта Каспийдің экологиялық жағдайы өте қиын. Теңіз қайраңындағы аймақта жағдай әлдеқайда ауыр, бұл аумақтарда өлі аймақтар пайда болды. Кейбір жерлерде ластанушы заттардың көлемі қалыптыдан 10-20 есе жоғары. Сонымен қатар оларды келесідей топтарға бөлуге болады: Каспийге ағатын өзендермен бірге келетін ластанушылар; 2) жағалаулық аймақта орналасқан қалалар мен өндірістік объектілердің ластануы; 3) теңіздегі мұнай өндіру мен тасымалдаудың ластануы; 4) Каспий теңізінің деңгейінің көтерілу нәтижесінде жағалау аймағында қалған су көздерінен ластану. Бұл ластану көздерінің арасында бірінші кезекте Каспий теңізіне құятын өзендермен бірге ластанушы заттар болып табылады. Мысалы, соңғы мәліметтерге сәйкес, жыл сайын Каспийге 75 миллион тонна мұнай тасымалданады, олардың 95 пайызы Еділде. Каспий маңы елдерінің арасында теңізді қорғау туралы бірыңғай келісімнің жоқтығына байланысты браконьерлік бар. Каспий маңындағы ластану деңгейі мен браконьерлік фактілерінің көбеюі, әсіресе бекіре тұқымдас балықтар саны азайған [4, б.260-268].

Каспий теңізінің суресурстары қазіргі таңда Каспийдің коммерциялық байлықтарының ішіндегі мұнайдан кейінгі екінші орынды алады [5].

Мұнай өндіру мекемелерінде ағынды суларды тиімді пайдалану (утилизациялау) жүйесінің жоқтығы, аймақта химиялық-токсиндік заттардан құралған өлікөлдердің пайдалануына алып келіп отыр [6, б.98-101]. Сондай көлдердің бірі Ақтау қаласында сегіз шақырым жерде орналасқан - Қошқарата көлі. Бұл уран кенінің өңдейтін химия кешені құрамындағы күкірт қышқылы зауыты, химия-гидрометаллургия зауыты сияқты алып кәсіпорындардың қалдық сулармен қожыстарын ешбір залалсыздандырмастан табиғи ойпаңға айдау нәтижесінде пайда болған жасанды көл. Тіршілік белгісі жоқ, өлі көл. Бұрын көл айдынының астында қымталып жатқан қатерлі қалдықтар жоғарыда аталған кәсіпорындардың ішінара немесе толықтай тоқтап, көлг құйылатын судың кемуі, соның салдарынан жағалауының құрғап, жалаңаштануы нәтижесінде өлкедегі ең қауіпті экологиялық ошаққа айналып отыр.

Теңіздің басты ластанушысы, сөзсіз түрде мұнай болып табылады. Мұнаймен ластану теңіздің биологиялық тепе-теңдігіне қатты соққы береді, мұнай жайылмалары күн көзін өткізбейді, судағы ауаның жаңаруына заяттады және биологиялық өнімділік азаяды. Көбінесе мұнайдың улықоспалары балықтың, теңіз құстарының қырылуына себеп болады, теңіз хайуандарының етінің дәмді сапасына қарсы әсер етеді. Мұнаймен улану қауіпінің жиынтығының көбеюіне байланысты өршітүседі. Суортасының токсикалықлығы 1 мг/м³ жиынтықталған кезде көрінеді. Кейбіраурулардың мұнаймен ластануға байланысты кендігін куәландыратын зерттеулер қатары бар. Қанның және қанжасайтын органдардың ауруы Қазақстанның солтүстік аймақтарында республикаға қарағанда 2-4 есе жоғары. Сонымен қатар Солтүстік Каспийдің ихтиофаунасының өзгеруі салдарынан, аймақтағы бекіре аурудың үш есе кемуіне алып келді [7, б.40-48]. Осы фактілердің барлығы Каспий аймағы экологиялық мәселелерді шешуде мемлекеттік органдардың басты назараударуынталап етуде.

Тегеранда 2003 жылғы 4 қарашада жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға 14-бабына сәйкес келісуші тараптар Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөледі сондай-ақ қорғауға, сақтауға, қалпына келтіруге мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

(а) халықтың азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыру және әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға қолжеткізу кезінде экологиялық тепе-теңдікті сақтау және қалпына келтіру мақсатында биологиялық ресурстардың әлеуетін дамыту және жетілдіру;

б) теңіз түрлерінің популяциясын тиісті экологиялық және экономикалық факторлармен анықталатын және түрлер арасындағы өзара қарым-қатынастарды ескере отырып, олардың аурудың ең тұрақты мөлшерін қамтамасыз ететін деңгейлерде сақтау немесе қалпына келтіру;

(с) артық пайдаланылуына байланысты түрлердің қауіпі төнбейтін жағдайларды қамтамасыз ету;

(d) коммерциялық түрлердің аулағынан шығындарды азайтатын және нысаналы емestүрлерді ұстап тұратын селективті балық аулау әдістерін және әдістерін әзірлеуге және қолдануға жәрдемдесу;

(e) эндемикалық, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерді сақтау және қалпына келтіру;

(f) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлердің, сондай-ақ осал экожүйелердің биологиялық әртүрлілігін және мекендейтін жерлерін сақтау [8].

1994 жылдан бері біздің еліміз «Биологиялық сан алуандылық туралы» Конвенцияның қатысушысы болып табылады.

Бұл Конвенция Биологиялық сан алуандықты сақтаудағы және биологиялық ресурстарды тиімді пайдаланудағы мәселелерді шешу саласында мемлекеттік органдардың тиісті өкілеттілігін анықтайтын құқықтық құжат болып табылады. Каспий шекарасындағы елдердің ұлттық заңнамаларында биологиялық ластанудан қорғану саласындағы арнайы заңдар жоқ болғанымен, Конвенцияға қатысушы мемлекеттер үшін міндетті.

2018 жылы тамыздың 12-сі күні Ақтауда бес ел басшылары Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтайтын конвенцияға қол қойды. Құжат теңіз бен шектеспейтін елдерге Каспийде әскер орналастыруға тыйым салады.

Ақтау қаласында өткен бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Ресей, Иран және Түркіменстан басшылары Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтайтын конвенцияға қол қойды.

Конвенцияның мәтіні әлі ақпарат құралдарына жетпегендіктен Каспий статусына қатысты көп сұрақтар бұрынғы күйді қалыптастырды.

Өйткені мен бұған дейін интернетте жарияланған конвенция жобасының бір бөлігін детөмендегідей фактілер келтірілген:

- Құжат жобасы бойынша, Каспий теңізі бес ел арасында теңіз ретінде бөлінген. Қазақстан теңіздің 29 пайызына ие.

- Құжат жобасы бойынша, бес мемлекет өздеріне тиесілі территорияда шикізатты барлап, өндіре алады. Бірақ оған бес елдің ортақ келісімі керек және экологиялық талаптар сақталуы тиіс.

- Құжат жобасы теңізде жағалаудағы бес мемлекеттен басқа елдің әскери күштерінің болуына тыйым салады. Құжаттағы бұл норманы Каспий теңізіндегі ең озық әскери-теңіз күштері бар ел – Ресей қолдап отыр.

Дерек бойынша, Каспий теңізінің қайраңында 50 миллиард баррель барланған мұнай қорымен 9 триллион кубометр газ қоры бар. Каспий теңізін бөлудің мәселесі 1992 жылдан бері талқыланып келеді. СССР-ды рап, оның құрамындағы мемлекеттер тәуелсіздігіна алған соң Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан мен Иранға екі мыңға жуық су асты жауануары мекендейтін, 700-ден астам теңіз өсімдігі бар, мұнай мен газ кеніштеріне бай әлемдегі ең ірі тұйық су қоймасының құқықтық мәртебесін жаңадан анықтауға жет болды. Аймақтағы биоресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, мұнай-газ кеніштерін өндіру, кемелер жүрісінің реттеуі мен тауар тасымалдарын шешу үшін теңіз бен шектеспейтін елдер мәміле жасаулары тиіс [9].

Арал теңізінің экологиялық проблемасына келер болсақ, Арал теңізі төртінші тұзды көл болғаннан кейін, оның суларында 60 мың тонна балық ұсталды. Содан кейін суармалы егін шаруашылығының белсенді дамуы басталды. Шөлдермен қоршалған Арал теңізі Сырдария мен Амудария өзендерінің ағысынан дерлік азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Көл-теңіз негізінен таяз болды (әрқайсысы 10-15 метр), көптеген қалдықтар мен аралдар бар еді. Жауын-шашын жылына 100 мм ғана ағын түседі және жаңбырға қарағанда ыстық климатта 12 есе көп булануда. Арал теңізінің экологиялық проблемалары ең алдымен донорлық өзендерден судың толығымен тоқтатылуымен байланысты. Бұл сулар ауыл шаруашылық жерлерін суару үшін қолданылады. Мұндай жағдайда Арал еріген. Нәтижесінде түбіне тұз қабаты жабылған. 1989 жылдан бастап Арал теңізі екіге бөлінеді - Кіші (Солтүстік) және Үлкен (Оңтүстік) Арал теңізі. Қазір осы теңіздердің су көлемі түпнұсқаның 10% -нан аспайды.

1,4 млнадам өмір сүріп отырған Қызылорда облысының территориясының олығымен, Ақтөбе, Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының бір бөлігін алып жатқан Аралапат аймағын әлемдік қауымдастық жаһандық экологиялық апат деп танып отыр Арал теңізінің басты проблемасы - сұтапшылығы. Сол жақта өмір сүретін халықтың да проблемасы - ауыз суы. Теңізбен қоса, Арал төңірегіндегі тұрғындарды да құтқару керек. Өйткені, елді мекендердің тек 15-20 пайызы ғана таза су ішіп отыр, ал қалған тұрғындар лассуды пайдалануда. Соның өзінде, ауылдық жерде, су бір адамға бір шелектен келеді. Су қорларын, қоймаларды сақтау-экологиялық проблеманың ең күрделі саласы екені баршамызға мәлім. Мұның өзі түрлі ішкі қалы аурулардың өршуіне, Арал халқының денсаулығына кері әсерін тигізуде. Олар, бір жағынан теңізден көтерілген тұзды тозаңның астында жатса, екінші жағынан Байқоңыр ғарыш аймағының қасіретін бастан өткізуде. Соның салдарынан,

тұрғындар арасында жүрек, өкпе, қанқысымы, бүйрек, бауыр және басқа қауіпті аурулардың көрсеткіші республикада жоғары болып тұр [4, б.260-268].

Арал теңізінің флорасы мен фаунасының айтарлықтай бөлігін жоғалту, тұздану және тұздылықтың өсуі нәтижесінде теңіз балық шаруашылығының маңыздылығын жоғалтып, Арал және Қазақстандықтар порттары жабылды. Теңіздің бұрынғы түбінде және жақын аумағы үлкен тұзды шөлге айналды. Жел осы тұзды көтереді, сондай-ақ шаң, шанды дауылдар 200-300 шақырым Шалқар, Байқоңыр, Қызылорда, Нүкүс қалаларын қамтиды. 2003-2005 жылдары «Сырдария мен Солтүстік Арал теңізінің өзенінің жағалауын реттеу» жобасының шеңберінде Қазақстан Көкарал түбегін Сырдария өзенінің жағалауында Кіші аралды кесіп тастаған су қақпасы бар (судың деңгейін реттеу үшін артық судың өтуіне мүмкіндік беретін) қалғаны (Үлкен Арал). Осыған орай, Сырдария өзенінің кіші Арал теңізінде жинақталған, су деңгейі 42 м-ге дейін өсті. Тұздылық азайып, бұл жерде кейбір балықтардың коммерциялық сорттарын өсіруге мүмкіндік береді. 2007 жылы Кіші Аралдағы балық аулау 1910 тоннаны құрады, оның ішінде 640 тонна, ал қалғаны тұщы су түрлеріне (тұқы, асфальт, көксерке, ақбөкен, латыш) қатысты. 2012 жылға дейін Кіші Аралда балық аулау 10 мың тоннаға дейін жетеді (80-ші жылдары Арал теңізінде шамамен 60 мың тонна).

ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі 1992 жылы 18 қаңтарда «Арал аймағы тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын түбегейлі жақсартудың бірінші кезектегі шаралары туралы» жарлық шығарған болатын. Ресей Федерациясының президенті Б. Ельцин 1992 жылы 11 сәуірінде «Биологиялық қару жөніндегі халықаралық келісімді орындауды қамтамасыз ету туралы» № 390- жарлыққа қолқойған болатын. Бұдан былай Возрождение әскери сынақ нысаны жабылған болатын, бірақ бұл әскери нысан жабылғанымен негізгі қауіп – аралдың тіпті қараусыз қалуы болатын. Бактериялар мен вирустар ауа арқылы таралу қатері зор болды. Өзбекстан мемлекеті 1995 жылы Возрождение аралына жасырын жерасты моласындағы антракс ұнтағын тауып, тәжірибе арқылы антракс споралары жер астында 10 жыл көміліп жатқанына қарамастан, өзкүшін әлі жоймай жатқандығын анықтады. 1997, 1999 жылдары Өзбекстан мемлекетінің шақыруымен АҚШ бактериологтары аралға тағы да екі рет келіп, әлгі антракс спорасына америка вакциналары арқылы тәжірибе жасай келе, оң нәтиже көрсетті.

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" ҚР-сы заңының 2 бабына сай, Экологиялық қолайсыз жағдайлардың, шөлденудің және қоршаған ортаның ластануының адам денсаулығына әсері ескеріле отырып және Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының тұжырымдамасына сүйене отырып, Арал теңізіндегі экологиялық апат аумағы келесі аймақтарға бөлінеді:

- экологиялық апат;
- экологиялық дағдарыс;
- экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар [10].

Экологиялық апат аймағы Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарының, Ақтөбе облысының Шалқар ауданын қамтиды.

Экологиялық дағдарыс аймағына Қызылорда облысы аудандарының (3-бапта көрсетілгендерді қоспағанда), Қызылорда қаласы мен Байқоңыр қаласының аумағы, соның ішінде әкімшілік-аумақтық бағыныстылығына кіретін елді мекендер жатады.

Экологиялық дағдарысқа дейінгі мемлекеттің аймағы Байғанин, Бірғыз, Мұғалжар аудандарының (бұрынғы Мұғалжар ауданының елді мекендер шегінде), Ақтөбе облысының Темір; Арыс (Арыс қаласын қосқанда), Отырар, Созақ, Шардара аудандары, Түркістан қаласы Түркістан ауданы, сондай-ақ Ұлытау ауданы (бұрынғы Жезқазған ауданының Жезқазған ауданының шекарасы шегінде) аудандарын қамтиды. Бұл заң 1992 жылы қабылданғанын ескеретін болсақ, оған қоса осы уақытқа дейін республика Үкіметі тарапынан жүргізілген аймақ экологиясын жақсартуға бағытталған іс-шаралар, Елбасымыздың халықаралық қызметінің нәтижесінде қолға алынған халықаралық қауымдастық тарапынан жасалып келген жұмыстарын ескеріп, осы уақыт ішінде аймақтың экологиялық жағдайын қаншалықты өзгерді деген сұрақ туындайды. Сондай-ақ ҚР – сы Үкіметінің 2006 жылы 26 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген Арал аймағы мәселелерін кешенді шешу бойынша бағдарламасын есепке алсақ, онда бұл аймақтың экологиялық ахуалы қолданылған барлық шараларға қарамастан аса күрделі күйінде қалып отыр.

Елбасымыздың бастамасымен 1993 жылы наурыз айында Қызылорда қаласында Арал мәселесін көтерген алғашқы Халықаралық конференция өтті. Бұл Конференцияда Халықаралық Аралды сақтап қалу қоры құрылып, оны біздің елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев басқарды. Орта Азия мемлекеттерінде Арал теңізі бассейнінде жаһандық экологиялық қордың қоршаған ортаны басқару және су ресурстары ұлттық топтары жұмыс істей бастады. Орта Азия мемлекеттерінде: Қазақстан

Республикасы, Түркіменстан, Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының мемлекет басшыларының шешімімен мемлекетаралық координациялық шаруашылық комиссиясы құрылды [11, б.123-126].

Халықаралық Аралдық қорғау қорының президенті Алмабек Нұрышев өзінің сұхбатында: «Осы уақытқа дейін теңізді қайта тірілту бағытында бір аз жұмыстар жасалды. 1994 жылы Арал мен шектесетін 5 ел президенттерінің келісімімен Солтүстік Аралды сақтап қалу туралы шешім қабылданды. Содан бері барлық жұмыспен қаржыда осы мақсатқа жұмсалып келеді. 1996-1997 жылдары қордың бастамасымен Сырдарияның Арал теңізіне құятын Солтүстік бөлігіне бөгет салынды. Бұл бөгетті салу үшін Қазақстан 60 млн. теңге бөлді. Қалған қаржыны Дүниежүзілік банк берді. Бөгеттің салынуымен Солтүстік Арал біршама жанданып қалды. Қазір де бұл іс-шаралар өз жалғасын табауда. Жақында Дүниежүзілік банктен 1,5 млрд. доллар алдық. Бұл қаржы Арал теңізін Арал қаласына дейін жеткізуге жұмсалмақ» - деді.

Арал теңізі бассейнінде Аралды құтқару халықаралық қоры құрылғаннан бері экологиялық және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу мен аймақтағы жағдайды жақсарту мақсатында Орталық Азия Басшыларымен Нүкүс (1995 ж.), Алматы (1997 ж.), Ашхабад (1999 ж.), Душанбе (2002 ж.) Декларациялары қабылданған болатын.

Арал теңізі бірегей, әдемі және әлемдегі ең ірі жабық су қоймаларының бірі. Бір ұрпақтың ішінде дерлік толық жойылып кету жағдайында болып, Арал маңы аймағындағы халықтың өміріне, экожүйесіне және биоалуантүрлілігіне әсерін тигізіп, бұрын-соңды болмаған апатқа және қалпына келтірілмейтін залалға айналды. Осы күнге дейін Аралды құтқару үшін ғылыми негізде, мақсатты түрде түрлі жопарлық жұмыстар жүргізілуде. «Аралтағдыры - адамтағдыры» болғандықтан оны құтқарып қалу болашақ ұрпақ алдындағы біздің міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтмұхамедова А.С. Еліміздің экологиялық проблемалары. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфулдиноқулары – 9: Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 107-109
2. Кесебаева А.Ө. «Экологиялық қолайсыз аймақтардың режимін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері» ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. Арнайы басылым. 2011 - 28 б. <http://tmebrk.kz/journals/1188/86139.pdf>
3. Ергозова Ж. «Қазақстан Республикасының радиациялық қауалы». ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы - 2012. - № 2. - 162 б.
4. Омар Б.М. «Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы экологиялық проблемалар». «Ізденуші» Ғылыми журналы. 2011 ж. шілде-қазан. Шымкент қаласы. №4, 5. 260-268 Б. <https://45minutkz.wordpress.com>
5. Садуақасова Л.О. Каспий аймағының қоршаған ортасын ластанудан қорғаудың құқықтық мәселелері ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. № 2 (50). 2009 <http://www.emirsaba.org/kazahskij-nacionalenij.html?page=20>
6. Копбасарова Г.К. «Правовая охрана окружающей среды от трансграничных загрязнений». Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2007. - №3 (43). – С.98-101.
7. Аманова А. «Правовые проблемы защиты окружающей среды Каспийского моря, связанные с разработкой ресурсов Каспия». Нефть Газ и Право Казахстана, 2005. - №1. – С. 40-48.
8. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 97 Заңы <http://adilet.zan.kz/rus>
9. Тойкен С. Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтайтын құжатқа қолқойылды. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-aktaucaspian-summit-agreement/29428502.html>
10. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468-XII Заңы <http://adilet.zan.kz/rus>.
11. А. Кесебаева. Арал теңізінің экологиялық жағдайын құқықтық қамтамасыз ету. ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. № 2 (58). 2011. 123-126 б. <http://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/310/307>